

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2015 жылғы 8 мамырдағы №13 шешімін іске асыру туралы

Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2018 жылғы 6 желтоқсандағы № 7 Өкімі

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2015 жылғы 8 мамырдағы №13 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бірінің аумағында тіркелген тасымалдаушылардың Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағында орналасқан пункттер арасында автомобильмен жүк тасымалдарын орындауын кезең-кезеңімен ырықтандырудың 2016 жылдан бастап 2025 жылға дейінгі аралықтағы кезеңге арналған бағдарламаның (бұдан әрі – Бағдарлама) I кезеңін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің іске асыру барысы туралы Еуразиялық экономикалық комиссияның ақпараты негізінде:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің Бағдарламада көзделген іс-шараларды іске асыру мониторингін жалғастырсын.

2. Армения Республикасының Үкіметі, Беларусь Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Ресей Федерациясының Үкіметі Бағдарламаның II кезеңінде көзделген іс-шараларды белгіленген мерзімде іске асыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы Өкім Еуразиялық экономикалық одақтың ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес мүшелері:

Армения Республикасынан	Беларусь Республикасынан	Қазақстан Республикасынан	Қырғыз Республикасынан	Ресей Федерациясынан
----------------------------	-----------------------------	------------------------------	---------------------------	-------------------------